



## « Ұлттық ойын » вариативтік бағдарлама

(Ортаңғы топ)

Тәрбиешілер:

Жеңіс Рита

Ермекбай Әйгерім

2021-2022 оқу жылы

## Түсінік хат

Қоғамымыздың іргетасын нығайту үшін бүгінгі жастарға үлгілі, өнегелі

тәрбие беру - қазіргі міндеттердің бірі. Қазақтың ұлттық ойындары бес түрге бөлінеді. Олар: аңға байланысты, малға байланысты, түрлі заттармен ойналатын, зеректікті, ептілікті және икемділікті қажет ететін, соңғы кезде қалыптасқан ойындар. Олардың негізгілерінің өзі жүзден астам. Бұл ойындардың көбісінің ежелден қалыптасқан арнайы өлеңдері бар. Өлеңдер ойынның эстетикалық әсерін арттырып, балалардың өлең-жырға деген ыстық ықыласын оятып, көңілін көтереді, дүниетанымын арттырып, еңбекке баулиды, ширықтырып, шынықтырады. Балаларда жалпы адамзаттық құндылықтар мен адамның айналадағы дүниемен жеке тұлғалық қатынасын (этикалық, эстетикалық, адамгершілік тұрғысынан) тәрбиелеу мақсатын халқымыздың мәдени рухани мұрасының, салт-дәстүрінің озық үлгілерін оның бойына дарыту арқылы жүзеге асыруға болады. Осымен байланысты бағдарлама халқымызға тән әдептілік, қонақжайлық, мейірімділік, т.б. сияқты қасиеттер, табиғатқа деген қарым-қатынасындағы біздің халыққа тән ерекшеліктер. Жас ұрпақ өз халқының мәдениетімен, асыл мұраларымен ұлттық әдебиеттер арқылы танысып келеді. Халық ойынды тәрбие құралы деп таныған. Ойынды қолдану балалардың ой-өрісін жетілдірумен бірге, өз халқының асыл мұраларын бойына сіңіріп, кейінгі ұрпаққа жеткізе білу құралы. Зерттеу жұмысында орыс тілінде жазылған әдебиеттер қолданылды. Соның нәтижесінде қазіргі таңда тақырыптың өзектілігі туындап отыр. Қазақтың ұлттық ойындары: «Бәйге», «Көкпар», «Алтын сақа», «Хан талапай», «Қыз қуу», «Тоғызқұмалақ» т.б. балалардың еңбекке деген қарым-қатынасы мен қабілеттерін арттырады.

**Мақсаты:** Қазақтың ұлттық ойындарын ойнату арқылы балаларға қазақтың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпын, туған елге, жерге, өз Отанына деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру.

### **Міндеттері:**

1. Балаларды қазақтың ұлттық ойындары мен таныстыра отырып ойын шартын дұрыс бұзбай ойнауға үйрету.
2. Ойынды ойнау барысында балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін ойын кезінде саусақ қол моторикасын дамыту.

**«Ұлттық ойын» оқу қызметінің перспективалық жоспары**  
**Ортаңғы тобы**

<b>№</b>	<b>Өтілетін тақырыптар</b>	<b>Мақсаты</b>	<b>Сағат саны</b>
1	“Күш сынаспақ” ойынын түсіндіру	Шыдамдылық, белсенділік қасиеттерін қалыптастырып, ойын шартын бұлжытпай орындауға баулу.	2
2	“Арқан тарту” ойыны	Ұйымдастырушылық, шыдамдылық, белсенділік қасиеттерін қалыптастырып, қол-аяқ бұлшық еттерін жетілдіру.	2
3	“Асық ату” ойыны	Ойын барысында қалыптастырылған білімдерін бекітіп, шыдамдылық, белсенділік қасиеттерін қалыптастыру, ептілікке баулу	2
4	“Ақсерек-көксерек” ойыны	Ұйымдастыра отырып, бір-біріне деген жанашырлық, достық, жолдастық сезімдерді тәрбиелеу.	2
5	“Ұшты-ұшты” ойыны	Ойлау, зейінділік, тапқырлық, белсенділік қасиеттерін қалыптастырып, білімдерін бекіту.	2
6	“Соқыр теке” ойыны	Есту, сезу қабілеттерін, зейінділік пен тапқырлықтарын дамыту.	2
7	“Тақия тастамақ” ойыны	Есту, сезу қабілеттерін, зейінділік пен тапқырлықтарын дамыту.	2
8	“Қара құлақ” ойынын бекіту	Ойын барысында қалыптастырылған білімдерін бекіту.	2
9	«Қыз-қуу» ойыны	Шапшаңдық, ептілік, белсенділік қасиеттерін қалыптастыру.	2

10	Хан «алшы» ойыны	Ойлау, тапқырлық, ұйымдастырушылық, шыдамдылық, белсенділік қасиеттерін қалыптастыру	2
11	“Хан талапай” ойыны	Көру, есту, сезу қабілеттерін, зейінділік пен тапқырлық-тарын дамыту. Қол мотори-касын жетілдіру.	2.
12	Түйілген орамал ойынымен танысу	Ұйымдастырушылық, шыдамдылық, белсенділік қасиеттерін қалыптастыру	2
13	Түйілген орамал ойыны	Шапшаңдық, ептілік, белсенділік қасиеттерін қалыптастыру.	2
14	Бөрік жасырмақ ойыны	Шапшаңдық, ептілік, белсенділік қасиеттерін қалыптастыру.	2
15	Шертпек ойыны	Есту, сезу қабілеттерін, зейінділік пен тапқырлық-тарын дамыту.	2
16	Орамал тастамақ ойыны	Ақыл-ойларын, тілдерін ұстарту, сөздік қорларын байыту.	2
17	Қарамырза ойыны	Ойлау, зейінділік, белсенділік қасиеттерін қалыптастырып, білімдерін бекіту.	2
18	Ұлттық ойын (таңдау бойынша)	Ойын барысында қалыптас-тырылған білімдерін бекіту.	2
	<b>Барлығы</b>		<b>36</b>

## Қолданылған әдебиеттер

1. Н.Назарбаев. Нұрлы жол – болашаққа бастар жол. Қазақстан халқына жолдауы. 2014ж
2. Кішібаева Д. Ұлттық ойындардың пайдасы /Бастауыш мектеп, 2004ж №1. -Б. 52-56
3. Сағындықов Е. Ұлттық ойындарды оқу тәрбие ісінде пайдалану
4. Қазақстан мектебі. Алматы.2011. №5, 20 бет.
5. Абсолямов Г.Ш. «РСФСР-дағы спорттың ұлттық түрлері» Дисс.пед.ғыл.канд. Москва. 1957.
6. Агаев Г.Г. «Использование опыта применения азербайжанских народных игр в школах Азербайжана» Дисс.канд.пед.наук Баку. 1965. 20 б.
7. Алекторов Е.А. «Киргизский праздник - байге» «Оренбургский листок» 1987 ж. №31
8. Алекторов Е.А. «Праздничные игры и забавы Киргизов» «Оренбургский листок
9. Ф.Бөрібекова, Н.Ж.Жанатбекова Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар. Оқулық. - Алматы: ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы, 2014
10. А.Б.Айтбаева Білім берудегі жаңа технологиялар. Оқу құралы. – Алматы:Қазақ университеті, 2011 з. С.А.Көшімбетова Мектептің оқу-тәрбие үрдісіне инновациялық технологияларды ендіру жолдары. Оқу-әдістемелік құрал. – Тараз, 2004
- 11.Ойнайық та,ойлайық.Алматы ана –тілі 1996ж